

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 1165 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 04 сәуірде N 10-5-158 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы N 1/4-6/41 хатымен)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.01.10 N 1/4-6/41 хатымен).

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 Жарлығына және "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 қаулысына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін осы қаулының N 1 қосымшасына сәйкес құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Қармақшы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру пунктін автомобиль көлігімен, N 3 қосымшаға сәйкес қызмет көрсететін техникалық қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз етсін.

4. Кент, ауылдық округі әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді

ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

5. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қармақшы аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (Б.Нысанбаев, келісім бойынша) медициналық комиссия құру, аудандық шақыру пунктін жабдықтау, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. "Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақырылушыларды Қарулы күштер қатарына салтанатты жағдайда шығарып салуды ұйымдастырсын.

7. "Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Б.Утепов, келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру, ұстау, жеткізу, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мұстафаеваға жүктелсін.

9. Қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі Б. Қаюпов

2011 жылғы "24" наурыз N 1165

Қармақшы ауданы әкімдігінің

қаулысына N 1 қосымша

Азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын өткізетін аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Айдаров Мұрат Нәзілдаұлы	Қармақшы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы;
Мұстафаева Каншагүл Шоңмұрынқызы	Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері	
Суханбердин Нұрлыбек Хамзұлы	Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары ;
Батенова Марияш Айниязқызы	аудандық емхананың дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы;
Жүрімбаева Ляззат Қуанышбекқызы	аудандық емхананың медбикесі, комиссия хатшысы.

2011 жылғы "24" наурыз N 1165

Қармақшы ауданы әкімдігінің

қаулысына N 2 қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

Комиссияның жұмыс

атқаратын күндері, уақыты 9.00-ден 18.00-ге дейін							
" Қ ы з ы л - орда облысы Қармақшы ауданының қорға- ныс істері жөніндегі бөлімі" м е м л е кеттік мекемесі	күндері	сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	жел- тоқсан
1			x		x	x	
2					x	x	
3		x		x	x		
4	x	x	x	x	x		
5	x	x	x	x		x	
6	x	x	x	x		x	
7	x		x	x	x	x	
8	x		x		x	x	
9					x	x	
10				x	x		
11	x	x	x	x	x		
12	x	x	x	x		x	
13	x	x	x	x		x	
14	x		x	x	x	x	
15	x		x		x	x	
16		x			x		
17		x		x	x		
18	x	x	x	x	x		
19	x	x	x	x		x	
20	x	x	x	x		x	
21	x		x	x	x	x	
22	x		x		x	x	
23					x	x	
24				x	x		
25	x		x	x	x		
26	x		x	x		x	
27	x	x	x	x		x	
28	x	x	x	x	x	x	
29	x	x	x	x	x	x	
30		x			x	x	
31				x			

2011 жылғы "24" наурыз N 1165
Қармақшы ауданы әкімдігінің қаулысына
N 3 қосымша

Қызмет көрсететін техникалық қызметкерлердің қажетті саны

"Қармақшы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі - 7 қызметкер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК